



Бекітемін:  
НҰРА ЖББМ  
директоры  
Бердешова С.К

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024 - 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Нұра шағын-орталығы  
Тобы: «Балбөбек» кіші тобы  
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар  
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Денешынықтыру	-Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу тұру; -Қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан ( биіктігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; -Тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. - Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу
	Сөйлеуді дамыту	-Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; -Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; -Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. -Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.
	Көркемәдебиет	-Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.

	<p>-Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тындау.</p> <p>-Балаларды педагогтің көмегімен өленді толық қайталауға ынталандыру.</p> <p>-Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.</p>
<b>Сенсорика</b>	<p>-Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>-Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды үйрету;</p> <p>-Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>-Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>-Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>-Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу.</p> <p>-Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету:</p> <p>-Бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>-Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p>-Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды карама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу;</p> <p>-Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу;</p> <p>-Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>-Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>-Кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p> <p>-Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту;</p> <p>-Дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>-Жапсыруға қызығушылықты ояту.</p> <p>-Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p> <p>-Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға,</p>

	<p>кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-қарсы түстер) үйрету.</p> <p>-Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>-Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p> <p>-Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас және т.б.) колданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>-Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p> <p>-Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу. олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.</p>
<b>Музыка</b>	<p>-Музыкаға деген қызығушылықты ояту. музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.</p> <p>-Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>-Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер).</p> <p>-Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.). оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.</p>